

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесін және Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.10.2013 № 1042 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесі;
- 2) Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

4

ш і л д е д е г і

N 6 6 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы

жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесі

Осы Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

1-тарау. Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен төленетін зейнетақы төлемдері белгіленген кесте бойынша зейнетақы жинақтарын алушының сақтандыру ұйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шартының негізінде сақтандыру ұйымына аудару жолымен немесе зейнетақы жинақтарын алу жолымен жүзеге асырылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының есебінен кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдері Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында, 22-бабының 3-2-тармағында, 23-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген шарттар туындаған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.11. N 580 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.01.28. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерін Заңның 23-бабы 1-тармағының 2), 4) тармақшаларында, 23-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға алушының сақтандыру ұйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шартының негізінде зейнетақы жинақтарын аудару жолымен жүзеге асырады.

Зейнетақы аннуитетінің шарты болмаған жағдайда көрсетілген адамдар Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жинақтаушы зейнетақы қорларынан кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.11. N 580 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын алуды:

1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар ;

2) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен адамдар жүзеге асырады.

5. Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын алушылар болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті ;

2) паспортының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің көшірмесін, ішкі істер органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ресімделген, Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге рұқсатымен және көз жеткізу үшін түпнұсқасын ;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.28. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 30.05.2013 № 551 қаулыларымен.

6. Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын алушылар болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті ;

2) почта байланысы құралдары немесе сенімді адам арқылы жіберген кезде: Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, паспорттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің нотариалды куәландырылған (егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе) және заңдастырылған көшірмесін; алушы өзі өтініш берген кезде:

паспорттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің көшірмесін және паспорттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің түпнұсқасын көру үшін;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көші-қон карточкаларын беру жүргізілмейтін адамдарды қоспағанда, көші-қон карточкасының көшірмесі және көші-қон карточкасының түпнұсқасын көру үшін;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

Зейнетақы жинақтарын алушының Қазақстан Республикасының азаматтығын

жоғалту фактісіне күдік туындаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры бұл туралы алушыны хабардар ете отырып, тиісті ұйымдарға сұрау жібереді. Бұл ретте зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштің орындалу мерзімі тиісті ұйымнан жауап алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 736, 2009.01.28. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін Қазақстан Республикасының азаматтары:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) визалық мөрмен немесе облыстың (Астана, Алматы қалаларының) Көші-қон полициясы басқармасы бастығының немесе басқарма бастығы орынбасарының қолымен куәландырылған, белгіленген үлгідегі мөртабаны бар (кету күні мен тұратын мемлекет көрсетілген) төлқұжатының көшірмесін және көз жеткізу үшін төлқұжаттың түпнұсқасын;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

8. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, нотариалды куәландырылған (егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе) және заңдастырылған төлқұжаттың және кету фактісін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.21. N 1059 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен алушы осы Ереженің 5-3-тармақтарына сәйкес кәмелетке толмаған адам болса, ата-аналары (асырап алушылары, қамқоршылары, қорғаныштары):

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше

белгіленген жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмаған адамның нотариалды куәландырылған (егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе) және заңдастырылған туу туралы куәлігінің көшірмесін;

3) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмаған адам туралы мәліметтер бар құжаттардың нотариалды куәландырылған (егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе) және заңдастырылған көшірмелерін;

4) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты ұсынады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.21. N 1059 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Алушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорына мынадай құжаттар:

1) қайтыс болған алушының отбасы мүшелері немесе жерлейтін адам жерлеуге арналған біржолғы төлемді алу үшін:

осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

қайтыс болған алушының отбасы мүшесінің немесе жерлеген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көз жеткізу үшін құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

алушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) қайтыс болған алушының зейнетақы жинақтарын мұрагерлері алуы үшін: осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көз жеткізу үшін құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

алушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

мұрагерлік құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі не мұра мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, заңды күшіне енген сот шешімі ұсынылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1397 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті почта байланысы құралдары арқылы жіберген кезде осы Ереженің 5, 6, 7, 8, 9 және 10-

тармақтарында көрсетілген алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштегі алушының қолы нотариалды куәландырылады (нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілген кезде).

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1397 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11-1. Сенім білдірілген адам зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш берген жағдайда, сенім білдірілген адам осы Ереженің 5, 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көрсетілген құжаттармен қатар жинақтаушы зейнетақы қорына:

1) сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және шолу үшін оның түпнұсқасын;

2) сенімхаттың түпнұсқасын немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесін (егер сенімхатта сенім білдірушінің бір мезгілде бірнеше ұйымдардағы мүддесін білдіруі жөніндегі өкілеттіктер қамтылған болса) ұ с ы н а д ы .

Сенім білдірілген адамның салымшының зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы жинақтаушы зейнетақы қорына өтінішін беруі сенім білдірілген адам жеке өтініш жасаған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1397 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерін осы Ережеде көзделген құжаттарды алған сәттен бастап он бес күн ішінде жүзеге асырады.

13. Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдерін деректемелері төлемдерді тағайындауға арналған өтініште көрсетілетін алушының банк шотына аударады. Зейнетақы жинақтарын аударуға, есептеуге және төлеуге байланысты банктік қызметтер көрсетуге ақы төлеу оларды айырбастау сомаларын қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын кесте бойынша зейнетақы төлемдері түрінде төлеуді жүзеге асырудың тәртібі

14. Кесте бойынша зейнетақы жинақтарын алушы жинақтаушы зейнетақы қ о р ы н а :

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және шолу үшін түпнұсқаны;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы арасында жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты;

4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - Орталық) төлемдер тағайындау негіздемесі көрсетілген зейнетақы мен жәрдемақы алушы куәлігінің көшірмесін және шолу үшін түпнұсқасын ұсынады.

Зейнетақы жинақтарын алушы 58 жасқа толған әйелдер мен 63 жасқа толған еркектер болып табылған жағдайда, Орталықтан зейнетақы куәлігі ұсынылмайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы төлемдерін почта байланысы құралдары немесе сенім білдірілген адам арқылы жүзеге асыруға өтініш берілген кезде алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі нотариалды куәландырылады.

Алушы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті сенім білдірілген адам арқылы жіберген жағдайда, сенім білдірілген адам сол сияқты жинақтаушы зейнетақы қорына сенімхаттың түпнұсқасын, өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі мен шолу үшін соңғысының түпнұсқасын ұсынады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1397 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14-1. Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш оған қоса берілген құжаттармен бірге өтініштерді тіркеу журналына тіркеледі.

Өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талоны беріледі.

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.28. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

15. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.10.21. N 1059 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленетін кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық мөлшері және мерзімділігі (ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жыл сайынғы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімімен белгіленеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдерінің

кестесін қамтитын және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімді әзірлейді және алушының қ а р а у ы н а ұ с ы н а д ы .

18. Жинақтаушы зейнетақы қорлары жыл сайын алушыдан өтініш алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қосымша келісім мен зейнетақы төлемдерінің кестесіне өзгерістер енгізе отырып, кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық мөлшеріне қайта есептеу жүргізеді.

Ескерту. 18-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.21. N 1059 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Зейнетақы төлемдерін алушыны кесте бойынша басқа зейнетақы қорына аударған жағдайда, зейнетақы төлемдерін кесте бойынша жүзеге асырған жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдерінің мерзімділігі мен сомаларын көрсете отырып, кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алушы жөнінде мәліметтер беруге тиіс.

Ескерту. 2-тарау 19-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан
міндетті зейнетақы жарналарының,
ерікті кәсіптік зейнетақы
жарналарының есебінен қалыптасқан
зейнетақы жинақтарынан төленетін
зейнетақы төлемдерін жүзеге
асыру ережесіне
қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.11 N 580 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.29 N 1397 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.06.09 N 648, 2012.09.14 N 1196 Қаулыларымен.

Назар аударыңыз! Өтініш баспа әріптерімен айқын толтырылады

Кімге: _____

(Қордың атауы)

Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы

Өтініш

Мен, _____
тегі _____
аты _____
әкесінің аты _____

Ж ы л ы А й ы К ү н і

Туған күні _____

Құжаттың түрі: _____ Жеке басының куәлігі _____ Төлқұжаты _____

Ж ы л ы А й ы К ү н і

Сериясы _____ Нөмірі _____

_____ берілді

(кім берді)

ЖСН _____

Жеке зейнетақы шоты _____

___ Осы Ереженің 2-тармағына сәйкес еркектер - 63 жасқа, әйелдер - 58 жасқа
т о л у ы н а ;

___ Осы Ереженің 2-тармағына сәйкес төтенше және жоғары радиациялық қатер
а й м а ғ ы н д а т ұ р у ы н а ;

___ Осы Ереженің 2-тармағына сәйкес 5 және одан да көп балалар тәрбиелеуіне;
-- Кеден органдарын қоспағанда, орталықтан еңбек сіңірген жылдары үшін әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін;

2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша зейнетақы төлеміне құқығы бар адамдарға кеден органдарын қоспағанда, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет стажы 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жыл және одан да көп болған кезде толық көлемде зейнетақы төлемдері т а ғ а й ы н д а л у ы н а ;

___ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне;
___ егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленген болса, I және II топтағы мүгедектігі б е л г і л е н е о т ы р ы п ;

___ алушының қайтыс болуына (мұрагерлеріне);

___ алушының қайтыс болуына (жерлеуге) байланысты

200__ жылғы "___" _____ N _____ зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес міндетті, ерікті кәсіптік (керегінің астын сызу керек) зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан

— — б і р ж о л ғ ы ;
— — а й с а й ы н ;
— — т о қ с а н с а й ы н ;
— — ж ы л с а й ы н
ақшаны мынадай деректемелер бойынша банктік шотқа аудару арқылы
зейнетақы төлемдерін жүргізуді сұраймын:

_____ (банктің атауы, банктік шотының нөмірі, банктің дербес шотының

_____ нөмірі, БСК-і, БСН-і)

Мынадай мекен-жай бойынша тұрамын: индекс _____

_____ облысы

_____ қ-сы (кенті, ауылы)

_____ к-сі үй N__ пәтер N_____

байланыс телефоны _____

Алушы: _____

(қолы)

Өтініш жазылған күн 200__ жылғы "___" _____

Өтінішті қабылдап алды: _____ ж. "___" _____

_____ (Қордың жауапты қызметкерінің тегі, аты, болса - әкесінің аты,
л а у а з ы м ы , қ о л ы)

Қорда тіркелді: 200__ жылғы "___" _____ N_____

-----кесу сызығы

Алушыға _____

(Т А Ә)

Өтініш Қорда: 200__ жылғы "___" _____ N_____ тіркелді

Өтініш қабылдап алды: _____ ж. "___" _____

_____ (Қордың жауапты қызметкерінің ТАӘ, лауазымы, қолы)

М.О.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

4

ш і л д е д е г і

N

6 6 1

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесі

Осы Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру тәртібі

1. Жинақтаушы зейнетақы қорынан кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдері сомасы мен мерзімі (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленетін төлемдер түрінде, кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы мынадай шамадан:

1) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен;

2) екі жүз елу мың теңгеден;

3) осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес зейнетақы жинақтары сомасының алушының тиісті жасындағы ағымдағы құн коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген шамадан неғұрлым жоғары мөлшерде есептеледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.11. N 580 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.10.21. N 1059 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.12.29. N 1397 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.10.21. N 1059 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Алушы, егер алушының зейнетақы жинақтарының сомасы екі жүз елу мың теңгеден кем болса немесе тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болса (көрсетілген шаманың қайсысы көп болуына байланысты), зейнетақы жинақтарының барлық сомасын ала алады.

Егер төлемнен кейін жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының

қалдығы ең төменгі зейнетақының айлық мөлшерінен кем соманы құраған жағдайда, бұл қалдық төлем сомасымен бірге төленеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1397 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне

қосымша

Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық мөлшерін есептеуге арналған кесте

Ескерту. Кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.29. N 1397 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жасы	А л ы п коэффициенті	қ о ю
18	0,07917	
19	0,07922	
20	0,07926	
21	0,07931	
22	0,07937	
23	0,07942	
24	0,07949	
25	0,07956	
26	0,07963	
27	0,7972	
28	0,07981	
29	0,07990	
30	0,08001	
31	0,08013	
32	0,08025	
33	0,08039	
34	0,08054	

35	0,08070
36	0,08088
37	0,08107
38	0,08128
39	0,08151
40	0,08176
41	0,08204
42	0,08234
43	0,08267
44	0,08303
45	0,08342
46	0,08385
47	0,08432
48	0,08484
49	0,08541
50	0,08604
51	0,08674
52	0,08750
53	0,08835
54	0,08928
55	0,09032
56	0,09148
57	0,09277
58	0,09421
59	0,09582
60	0,09764
61	0,09969
62	0,10202
63	0,10467
64	0,10771
65	0,11121
66	0,11528

67	0,12005
68	0,12570
69	0,13246
70	0,14067
71	0,15081
72	0,16362
73	0,18024
74	0,20257
75	0,23404
76	0,28152
77	0,36099
78	0,52048
79	1,00000

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 4 ш і л д е д е г і
N 6 6 1 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
тізбесі**

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан төлемдерді жүзеге асырудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 1355 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 43, 396-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 1355 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 шілдедегі N 969 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 34, 306-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 1355 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1936 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 622-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1755 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 590-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 1355 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қаңтардағы N 49 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 2-3, 15-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 1355 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 873 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 26, 282-құжат).